



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ



Құрметті әріптестер!

Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағы және өз атымнан барша сәулетшілерді кәсіби мереке – Құрылысшылар күнімен құттықтаймын! Сәулет және құрылыс саласы еліміздің экономикасында ерекше орын алады. Қалаларымыздың келбеті, салынған құрылыстардың беріктігі мен сенімділігі және азаматтарымыздың қауіпсіздігі сәулетшілер мен жобалаушыларға байланысты. Сәулетші болу нақты білім, машық, біліктілік пен шығармашылықты талап етеді. Баршаңызға шын жүректен шығармашылық табыс, мықты денсаулық пен амандық тілеймін!

ҚР Сәулетшілер одағының президенті С.Сұлтанғали

Биыл «Құрметті сәулетші» атағына: Алпысбаев Нығымет Кәкімұлы (Қарағанды), Жақыпов Бағдат Стаханұлы (Алматы), Жәнібек Айдар Қабдоллаұлы (Көкшетау), Қасентаев Ержан Ахметбекұлы (Өскемен), Мұсаев Бақыт Шәкірұлы (Қарағанды) ие болды.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің алғыс хаттарын: Кіштеменов Нұрлан Бигембайұлы (Ақтөбе), Төребаев Санат Мырзағалиұлы (Шымкент) алды.

ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ комитетінің құрмет грамотасы Қожаев Ғалымтай Қайыржанұлына (Көкшетау) берілді.

ҚР Сәулетшілер одағының құрмет грамотасымен:

1. Баймырзаев Нұрсұлтан Асқарұлы, Қызылорда
2. Бердаш Амангельді Асымұлы, Шымкент
3. Жақыпов Ерболат Тұрдығалиұлы, Ақтөбе
4. Зверев Андрей Владимирович, Өскемен
5. Исанина Алла Алексеевна, Көкшетау
6. Ысқақова Жанна Абылайқызы, Қызылорда
7. Кеңесов Өркен Алмасұлы, Алматы
8. Комлев Сергей Валентинович, Өскемен
9. Көшенов Мұхит Қадырұлы, Шымкент
10. Күзембаев Есенгелді Ілімбайұлы, Алматы
11. Мұхамбетов Құбайдолла Сиғуатұлы, Атырау
12. Нұркенов Аманбай Мұхамедиярұлы, Өскемен
13. Судаков Игорь Валерьевич, Өскемен
14. Тұраров Еркін Тұрарұлы, Өскемен
15. Тұрлығұлов Азамат Әбсаматұлы, Қызылорда марапатталды

ҚР ИИДМ құрмет грамотасымен:

1. Абакумов Юрий Борисович, Павлодар
2. Абилов Алексей Жайылханұлы, Алматы,
3. Адамова Елена Игоревна, Караганда,
4. Винтер Алексей Александрович, Қарағанды
5. Волкова Ирина Лукьяновна, Павлодар
6. Мамырбаев Асқар Смайылұлы, Шымкент
7. Мейірманқұлов Нұрлан Гаунарбекұлы, Шымкент
8. Нұғманова Күлжан, Атырау
9. Самойлов Константин Иванович, Алматы
10. Ташкина Сәуле Кенжетайқызы, Көкшетау
11. Тұрсынбаев Бекболат Болатбекұлы, Шымкент
12. Фахрутдинов Шамиль Сүлейманович, Ақтөбе марапатталды.

БАРЛЫҚ СӘУЛЕТШІЛЕРДІ АЛҒАН МАРАПАТТАРЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ҚР СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫ ҚАРАҚОРИМ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СӘУЛЕТШІЛЕР ФОРУМЫНДА



2023 жылдың 30 шілдесінде Моңғолияда астанасы Ұлан-Баторды Қарақорым қаласына ауыстыру жөнінде сәулетшілер мен қала құрылысшылардың халықаралық форумы өтті. Халықаралық форумда Моңғолияның қала құрылысшылары елдің болашақ астанасы бас жоспарының нұсқалары бірінің тұжырымдамасымен таныстырды. Қазақстаннан форумға Қазақстан Сәулетшілер одағының вице-президенті, ҚР еңбек сіңірген сәулетшісі Серік Рүстембеков пен Сәулетшілер одағы Басқармасының мүшесі, Қазақстанның сарапшылар ұйымдары палатасының басқарма төрағасы Бірлік Ережепов қатысты. Серік Рүстембеков моңғолиялық жобалаушылар мен құрылысшыларды еліміздің Астана қаласын жобалау мен салу кезінде Қазақстанда жіберген қателерге жол бермеуге шақырды. Бірлік Ережеповтың сөзінше форум аясында Моңғолияның бұрынғы президенті мен

Моңғолияның жаңа астанасын салу мәселесінің тізгінін қолына алған Намбарын Энхбаярмен жұмыс кездесуі өтті. Кездесу барысында Бірлік Ережепов Қарақорым қаласын жобалау мен құрылысының заңнамалық және нормативтік қамсыздандыру қажеттілігіне, халықаралық нормативтерді қолдануға баса назар аударды. Сонымен бірге жобалау, құрылыс, құрылысты басқару және бақылау кезінде алдымен ақпараттық технологияларды енгізу қажет. Сәулетшілер мен қала құрылысшылардың халықаралық форумына біздің және Моңғолия тарапынан басқа Жапония, Ресей мен Израильдің мамандары қатысып, Қарақорым қаласы жоспарының тұжырымдамасы мен әлем қалаларының даму үрдістеріне қатысты пікірлерімен алмасты.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

ҚР үкіметі Қонаев қаласының 2050 жылға дейінгі жаңа бас жоспарын бекітті. Жоспарға сәйкес осы уақыт ішінде қала өңірдің заманауи көпқызметті әкімшілік, қаржылық, мәдени, өнеркәсіптік-инновациялық, көлік-логистикалық, ғылыми және білім беру орталығына айналуы керек. Сонымен бірге Алматы агломерациясының инновациялық-индустриалық, азық-түлік белдеуінің, мұнай, газ өңдеу, мұнай химиясы орталығы болуы тиіс. Қонаев қаласы аумағының көлемі 9 мың га құрайды. Жаңа бас жоспар бойынша қала шекарасының ұлғаюын ескере отырып, қала аумағының жобалық көлемі 19 мың га құрайды. Демографиялық болжау бойынша Қонаев қ. халқының саны 2050 жылға қарай 200 мыңға дейін жетеді. Қаланың негізгі әкімшілік ғимараттары қаланың қазіргі шекарасының шегінде орналасады. «Жаңа Іле» алаңында әлеуметтік, тұрғын және мәдени нысандарды салу қарастырылған. Қапшағай су қоймасы мен Іле өзені ірі жарыстар спорт жиындарын өткізуге халықаралық деңгейде қызмет көрсететіндей су туризмін қарқынды дамытуға мүмкіндік береді. Бас жоспарды әзірлеушілер ойын бизнесі аумағы мәдениет және ойын-сауық орындарымен біріккен жағдайда алдыңғы қатарлы халықаралық туризм аумағына айнала алатынын айтты. Бүгін Қонаев қаласының бас жоспары уәкілетті органға кешенді қала құрылысы сараптама жүргізуге жіберілді.



EURASIAN SEISMO ASSOCIATION МЕДАЛІ

Сейсмология, сейсмикалық төзімді құрылыс және табиғи апаттардан қорғау жөніндегі еуразиялық қауымдастығы Төралқасының 2023 жылғы 11 тамыздағы қаулысымен Қауымдастықтың ұлттық өкілдіктері мен өңірлік бөлімшелерінің ұсыныстарының негізінде және Ғылыми-техникалық сараптамалық кеңестің ұсынымдарын ескере отырып, Құрылысшылар күніне орай кешенді қала құрылысы қауіпсіздігі, сейсмикалық аймақтардағы құрылыс пен қатерлерді азайту саласында сіңірген еңбегі мен жетістіктері үшін, ғылым мен техникаға және оның дамуына қосқан үлесі үшін сәулет докторы, профессор, Одақ Басқармасының мүшесі Болат Орайханұлы Құспанғалиев ІІ (екінші) дәрежелі медальмен марапатталды. Медальді Eurasian Seismo Association (Сейсмология, сейсмикалық төзімді құрылыс және табиғи апаттардан қорғау жөніндегі еуразиялық қауымдастығы) президенті В.Л. Мондрус табыстады. Қазақстанда, әдетте, сейсмикаға төзімді құрылыстың өзінің алар орны бар. Осындай маңызды бағыт амбасадорының бірі — Болат Құспанғалиев өз жұмысында сейсмикалық қауіпсіздік қағидаларын қолданып қана қоймай, оны шәкірттері мен әріптестерінің арасында кең таратып жүр.



ҚАСЕНОВ ТАЛҒАТ ҚАБИДЕНҰЛЫ 60 ЖАСТА

2023 жылдың 7 тамызында Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының Батыс Қазақстан бойынша вице-президенті Қасенов Талғат Қабиденұлы 60 жасқа толды. Талғат Қабиденұлы Атырау облысы Индер ауданының бас сәулетшісі (11 жыл), және Атырау қ. бас сәулетшісі (6 жыл) қызметтерін атқарған. Қазіргі таңда North Caspian Operating Company компаниясында әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалар бөлімінде жобалар инженері қызметін атқаруда. Өзінің еңбек жолында келесі жобаларын іске асырды: Индербор кентіндегі «Көктем-2» ш/а егжей-тегжейлі жоспар жобасы, Индербор кентіндегі Әйіп қажы мешіті, Атырау қаласындағы «Нұр-Отан» партиясының қалалық бөлімшесі ғимараты, Атырау қ. бас жоспарын қайта қарау жобасында авторлар ұжымына қатысты, Атырау қ. «Жұлдыз» ш/а егжей-тегжейлі жоспар жобасы және т.б жобалар. Соңғы жылдары Атырау қ, салынған қалалық «Жастар» саябағы, Жайық өзені жағалауын қайта құру, Исатай-Махамбет алаңын қайта құру жобалары құрылыстарын жүргізуге ат салысты және де басқа Манғыстау облысындағы кешендер.



Талғат Қабиденұлын мерейтойымен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, жұмыста табыс пен қызық жобалар тілейміз!

- 6-8 қыркүйек – Алматы қ. KAZBUILD 2023 халықаралық құрылыс және интерьер көрмесі
- 7-8 қыркүйек – Бішкек қ. Жобалаушылардың Орта Азиялық форумы. Толығырақ [сайтта](#)